

Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін
мектеп кітапханасы

*«Оқуға құштар мектеп»,
«Балалар кітапханасы» және
«Кітап оқитын ұлт»*

*ЖОБАСЫ АЯСЫНДА
ЖАСАҒАН ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕСЕБІ
2025-2026 оқу жылы*



Шымкент 2026 жыл

29.05.2026 жыл.

**Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектеп
кітапханасының жылдық жұмыс есебі.**

**Мектеп кітапханасының негізгі мақсаттары мен бағыттары
2025-2026 оқу жылы.**

Мектеп кітапханасының жұмысы 2025-2026 оқу жылында кітапхана ҚР Білім және ғылым министрлігінің 19.01.2019 жылғы №44 бұйрығына және 28.01.16 жылғы №91 бұйрығына сүйене отырып жұмыс жүргізді.

Жалпы оқушы саны-715

Бүгінгі таңда жалпы мектеп бойынша әлеуметтік жағдайы төмен отбасы анықталды:

Көп балалы отбасынан шыққан – 271 оқушы

Аз қамтылған отбасынан – 29 оқушы

Жартылай жетім – 39 оқушы

Тұл жетім – 6 оқушы

Үйде оқитын – 11 оқушы бар.

Жалпы: 356 оқушы анықталды.

Мектеп кітапханасының негізгі мақсаттарымен бағыттары:

- Мектеп оқушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету;
- Оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру және ақпараттық мәдениетін жетілдіру;
- Оқушының жан-жақты тәрбиеленуіне, ой-өрісін нығайтуға көмектесу;
- Мұғалімдердің іскерлік шеберліктерін арттыруға көмек беру;
- «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Балалар кітапханасы», «Кітап оқитын ұлт» бағдарламасы аясында жұмыс жасау.

Кітапхана мына бағыттарда жұмыс жүргізді:

- «Оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы», «Кітап оқитын ұлт» бағдарламасы аясында іс-шаралар атқарылды;
- Дөңгелек үстел, ақпараттық сағат, пікір алмасу, кездесу кештер, мәнерлеп оқу сайыстары ұйымдастырылды;
- Оқырман формуляры бойынша оқу залында және абонементте оқырмандарға жеке қызмет көрсету ұйымдастырылды;
- Тақырыптық библиографиялық анықтамалар орындалды;
- Кітап көрмелері ұйымдастырылды;
- Оқу бағдарламаларымен жоспарларына сай көрмелер ұйымдастырып, пән апталықтарына көмек берілді;
- Жаңа оқу жылына ӘБ жетекшілерімен ақылдаса отырып, оқулыққа және көркем әдебиетке тапсырыс берілді;
- Оқулықпен оқушылар 100% қамтамасыз етілді;
- Оқулықтың сақталуына әр төксан сайын рейд жүргізілді.

№	Атауы	Саны
1	Кітапхана ауданы	49квм
2	Кітапхана ғимараты	2қабатта

3	Кітапханашы штаты	2
4	Оқырмандар саны	807
5	Келгендер саны	2998
6	Берілген кітап саны	4437
7	Оқылуы	6,2%
8	Кітап айналымы	0,3%
9	Кітаппен қамтамасыздалғаны	2,5%

Кітапхана қоры:

2025-2026 оқу жылында кітапхана жалпы қорында -22161 дана,

Оның ішінде -1844 дана көркем әдебиет,

электрондық оқулық саны-5 дана,

оқулықтар саны -20312 дана

Көркем әдебиеттің қоры оқырмандарға ашық түрде қол жетімді, ББК бойынша орналастырылған.

Оқулықтар қоры. Жаңа оқулықтар алынған және оқушыларға берілген. Оқушылар оқулықтармен толық қамтамасыз етілген.

2025-2026 оқу жылы оқулықпен қамтылуы:

Сыныптар	Оқушылар саны			Оқулықпен қамтылуы			Оқулықпен қамтылу үлесі %		
	жалпы	қазақ	орыс	жалпы	қазақ	орыс	жалпы	қазақ	орыс
1-Сынып	67	48	19	67	48	19	100%	100%	100%
2-Сынып	59	41	18	59	41	18	100%	100%	100%
3-Сынып	69	53	16	69	53	16	100%	100%	100%
4-Сынып	69	47	22	69	47	22	100%	100%	100%
5-Сынып	67	50	17	67	50	17	100%	100%	100%
6-Сынып	73	50	23	73	50	23	100%	100%	100%
7-Сынып	79	53	26	79	53	26	100%	100%	100%
8-Сынып	73	50	23	73	50	23	100%	100%	100%
9-Сынып	92	75	17	92	75	17	100%	100%	100%
10-Сынып	38	26	12	38	26	12	100%	100%	100%
11-Сынып	29	18	11	29	18	11	100%	100%	100%
Барлығы:	715	511	204	715	511	204	100%	100%	100%

Кітап қорын қалыптастыру мақсатында:

1. Оқулықтар баспасын қабылдап және техникалық өңделді;
2. Жаңа түскен әдебиеттер есепке алынды;
3. Келіп түскен басылымдар қабылданды;
4. Жиынтық есеп: жаңа түскен кітаптар жиынтық есеп кітабына жазылды;
5. Қорға түскен жаңа баспалар ретімен қойылды;
6. Мазмұны ескірген оқулықтар есептен шығарылды;
7. Қор талапқа сай орналастырылды.
8. Күнделік толтырылды.

Оқу-тәрбиелік үдерісті қамту мақсатында:

- 1.Кітапханаға келген оқырмандарға кітапхананы қолдану ережелерімен таныстырылды;
- 2.Оқырмандарға қызмет көрсетілді;
- 3.Кітап көрмелері ұйымдастырылды;
- 4.«Оқуға құштар мектеп» бұрышы жасалды;
- 5.«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы» «Кітап оқитын ұлт» бағдарламасы аясында жоспар құрылып, іс-шаралар өткізілді;
- 6.Оқырмандарды кітапханаға жазып, оқырман формулярын толтырылып, тіркеу кітабына енгізілді;
- 7.Жаңа оқырмандарды тіркеп, күнделікке енгізіліп, есептеліп отырылды.

Оқу-тәрбие процесіне көмектесе отырып, оқушылармен мына іс-шаралар өткізілді:

"ҰЛТ ҰСТАЗЫ-АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ" атты кітап көрмесі.

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Терешкова атындағы №31 ЖОББМ-де 04.09.2025 ж күнінде "Тілдер тоғысқан мереке" тақырыбында өткен онкүндік аясында "Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлы" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрмеге:

- Қазақ және әлем әдебиетінің үздік туындылары
- Тәуелсіз Қазақстан жазушыларының еңбектері
- Балаларға арналған танымдық және мотивациялық кітаптар қойылды.

—Көрме барысында оқушылар:

- Кітаптың құндылығы туралы мәлімет алды
- Авторлармен танысты
- Өздеріне қызықты кітаптарды таңдап, оқу жоспарын құрды

Бұл іс-шара оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, рухани дамуына үлес қосты. <https://www.facebook.com/share/v/1NHsgzKxBr/>



"Оқуға құштар мектеп" жобасы "Балалар кітапханасы" бағдарламасы аясында 2- қазан күні Ұстаздар мерекесіне орай "Ұстаз-ұлы есім" атты тәрбие сағаты қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі М.Ағабекованың және кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен, 6А сынып оқушыларының қатысуымен өтті. Тақырыпқа сай кітап көрмесі қойылды. Оқушылар тақпақ айтып, көрініс жасады.

<https://www.facebook.com/share/r/17YRZ1Uj8v/>



Шымкент қаласы Терешкова атындағы N 31 ЖОББМ "Оқуға құштар мектеп" жобасы "Балалар кітапханасы" бағдарламасы аясында "Ұлттық құндылықтар" тақырыбындағы жоспарға сай "Өз қолыңмен жасалған бетбелгі досқа сыйлық" шығармашылық байқауы кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушылары арасында өткізілді. <https://www.facebook.com/share/p/1BhTzvFWAe/>

Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты Терешкова атындағы N31 ЖОББМ. Шымкент қаласы N3 оқушылар сарайында 24 қазан "Кітапханашылар күні" кәсіби мерекесіне орай қалалық мектеп кітапханашыларының семинары өтті. Семинарға қаладағы N31 жоббм кітапхана қызметкерлері де қатысты. <https://www.facebook.com/share/p/1HDEPn26vN/>

"Оқуға құштар мектеп" жобасы "Балалар кітапханасы" бағдарламасы аясында "Ұлттық құндылықтар" тақырыбындағы жоспарға сай "Кітапханаға кітап сыйла" акциясы кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен өткізілді. Акцияға мектеп оқушылары, мұғалімдері белсене қатысты. Кітапхана қоры балаларға арналған шығармалар мен энциклопедия жинақтарымен толықтырылды. <https://www.facebook.com/share/p/1D1isSGftp/>

Шымкент қаласы Терешкова атындағы N31 ЖОББМ ""Оқуға құштар мектеп" жобасы "Балалар кітапханасы" бағдарламасы аясында Білім басқармасының Әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының 2025 жылғы 06 қарашадағы N 01-01/128 хатына сәйкес, мектеп оқушыларының күзгі демалыс кезінде "Демалыста кітап оқимыз" тақырыбында мектеп кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен іс-шаралар өтті. Кітап оқуға бастауыш және жоғары сынып оқушылары қатысты. <https://www.facebook.com/share/r/19yTCuXErb/>

"Балалар кітапханасы" бағдарламасы "Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен 9"а" сынып оқушысы Такенбаева Еркеназ Пауло Козльоның "Алхимик" романына шолу жасады. Жобаға қатысушы оқушылар кітаптан алған әсерлерімен бөлісіп, сыныптастарына әдеби кітаптарды оқуға кеңес берді. <https://www.facebook.com/share/v/1C25vnJAqD/>



"Балалар кітапханасы" бағдарламасы "Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен жоба қатысушыларымен "Әлемдік әдебиет" іс-шарасы өткізілді. Шара барысында 9"ә" сынып оқушысы Збан Жібек өзі оқыған Джон Р.Р. Толкиннің "Сақиналар әміршісі" фантастикалық романы жайлы ой бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/v/1GaxmflmSj/>

"Балалар кітапханасы" жобасы аясында. Білім басқармасының әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің 2025 жылғы 22 қазандағы N05-1-05-4/7184-И хатына сәйкес оқушылардың күзгі демалыстағы бос уақытын тиімді өткізу үшін кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен "Каникулда кітап оқимыз" іс шарасы өткізілді. Оқырмандарымыз жас ерекшеліктеріне қарай мектеп кітапхана қорынан берілген ертегілер мен әдеби көркем кітаптарды оқуда.

<https://www.facebook.com/share/p/17TsbttDzX/>

"Балалар кітапханасы" бағдарламасы "Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында мектеп кітапханасында 8-сынып оқушылары арасында "Мен оқыған кітаптардағы оқиғалар" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Шара барысында оқушылар өз оқыған кітабымен ой бөлісіп, алған әсерлерін жеткізді.

<https://www.facebook.com/share/r/16wMWu1hmW/>

"Балалар кітапханасы" бағдарламасы, "Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында, оқушылардың қысқы демалысын қызықты, тиімді өткізу негізінде кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен, 4-7 сынып оқушыларының қатысуымен "Кітап-рухани қазына" атты мектеп кітапханасына экскурсия іс-шарасы өтті. Кітап көрмесі қойылып, электронды кітаптар оқушыларға таныстырылды. Оқушылар өз оқыған кітаптардағы оқиғалармен бөлісті. <https://www.facebook.com/share/r/1bK064T11X/>



"Балалар кітапханасы" бағдарламасы "Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында жұмыстар жалғасуда. Осы бағытта мектеп кітапханасында жобаға қатысушы 9-сынып оқушылары өз оқыған кітаптарымен бөлісті. Дулат Исабековтың "Гауһар тас" шығармасы.

Бұл шығарманың шығу тарихы өте қызықты. Жазушы "Гауһар тас" әнін тыңдап, өз елін, туған жерін сағынып көзіне жас алады. Сондай керемет әсерден туып, бірнеше күн ішінде жарық көрген бұл шығарма көптің жүрегінен орын алғаны да аларыда сөзсіз. "Гауһар тас" шығармасы арқылы біз жазушының қандай саналы да, дана жазушы екенін, тілі орамды, қаламынан нәр тамған дарынды тұлға екенін көре аламыз.

<https://www.facebook.com/share/r/16wMWu1hmW/>

"Балалар кітапханасы" бағдарламасы, "Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында мектеп оқушыларының қысқы демалысын тиімді өткізу мақсатында "Қыста кітап оқимыз" тақырыбында кітап оқу акциясы ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/14VJrsX67xp/>

Шымкент қаласы Терешкова атындағы №31 ЖОББМ.

"Балалар кітапханасы" бағдарламасы, "Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында, Білім басқармасының Әдістемелік орталығы Қазақстан Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының 2025 жылғы 23 желтоқсандағы N01-01/158 хатына сәйкес, мектеп оқушыларының қысқы каникулын тиімді пайдалану мақсатында іс шаралар ұйымдастырылды. Оқушыларымыз мектеп кітапханасында өздері оқыған кітабымен ой бөлісіп, кейіпкерлерге мінездеме берді.

<https://www.facebook.com/share/p/1ALav7rbyGi/>

В общеобразовательной школе №31 имени Терешковой города Шымкента в рамках программы «Детская библиотека» и проекта «Читающая нация», при организации библиотечных работников и классного руководителя Н.И.Каюповой, с участием учащихся 8 «В» класса был проведён круглый стол на тему «События в книгах, которые я прочитал».

<https://www.facebook.com/share/r/16fDSHEEAL/>



"Кітап рухани қазына-сыйла да жақсылық жаса" 13 ақпан күні мектебіміздің өзін өзі басқару ұйымының мүшелері "Балалар кітапханасы" бағдарламасы, "Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында "Шын жүректен кітап сыйла" челленджіне белсенді түрде қатысып, ерекше балалар мен бастауыш сынып оқушыларына өздері таңдаған қызықты, мазмұнды кітаптарды сыйға тартты. Олардың әдеби кітаптармен ертегілерді қызығып оқуына үлес қосты. <https://www.facebook.com/share/r/1C7BuwuzvE/>

"Балалар кітапханасы" бағдарламасы, "Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында "Шын жүректен кітап сыйла" челленджі жарияланып, "Кітап жақсы, адал дос" тақырыбында оқушыларымыз өзі оқыған қызықты, мәнді, мағыналы кітаптарын достарына сыйлады.

<https://www.facebook.com/share/r/17ZvHNTk7J/>



"Мектеп кітапханасына кітап сыйлаймыз" 14 ақпан-Халықаралық кітап сыйлау күніне орай "Балалар кітапханасы" бағдарламасы, "Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында "Шын жүректен кітап сыйла" челленджі ұйымдастырылды. Бұл іс-шараға мектебіміздің 1-11 сынып оқушылары белсене қатысып, үлкен қолдау көрсетті.

Акция барысында оқушылар, ұстаздар және ата-аналар өздері оқыған жаңа, әрі мазмұнды әдеби кітаптарын мектеп кітапханасына сыйға тартты. Бұл білімге деген құрмет пен қызығушылықтың, рухани құндылықтарға деген сүйіспеншіліктің көрінісі.

<https://www.facebook.com/share/p/1C8Q8nMTec/>



"Балалар кітапханасы" бағдарламасы аясында 14 ақпан Халықаралық кітап сыйлау күніне орай "Шын жүректен кітап сыйла" челленджі жалғасуда. Жоспар негізінде "Мектеп кітапханасына кітап сыйлаймыз" тақырыбымен 8-сынып оқушылары, сынып жетекшісі Кенесалы Аянаның ұйымдастыруымен мектеп кітапханасына әртүрлі жанрдағы кітаптарды тарту етті. <https://www.facebook.com/share/v/14V3Cwfi7CL/>

"Кітап-ең қымбат сыйлық" 10 ақпан күні мектебіміздің 5-8 сынып, орта буын оқушылары "Балалар кітапханасы" бағдарламасы, "Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында "Шын жүректен кітап сыйла" челленджіне белсене қатысты, өздері оқыған, таңдаған қызықты кітаптарды, ертегілерді сыныптас достарына сыйға тартты.

<https://www.facebook.com/share/r/18F1oAUu6K/>

"Балалар кітапханасы" бағдарламасы, "Кітап оқитын ұлт" тұжырымдамасы шеңберінде "Кітаппен қанаттан" жобасы аясында "Мен оқыған кітап" тақырыбы бойынша мектеп кітапхана қызметкерлері мен қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Маржан Агабекованың ұйымдастыруымен, 5-6 сынып оқушылары арасында Мұқағали Мақатаевтың туғанына 95 жыл толуына орай "Әр өлеңі- бір әлем" атты әдеби кеш өткізілді. <https://www.facebook.com/share/r/17ppuXegEZ/>



Шымкент қаласы №31 жоббм "Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен, қатысушы үміткерлерміз өз оқыған кітаптарымен бөлісті. <https://www.facebook.com/share/r/17JDLmhG5B/>

В городе Шымкент, в средней школе №31 им. Терешковой, продолжается акция «Давайте подарим книги в школьную библиотеку», запущенная 14 февраля в Международный день дарения книг.

По инициативе классной руководительницы 7"в" класса Г. Шалатаевой ученики и их родители ,передали в дар библиотеке новые книги. Фонд библиотеки пополнился русскоязычной литературой.<https://www.facebook.com/share/p/1CfVRVnWHz/>

Шымкент қаласы Терешкова атындағы №31 ЖОББМ.

"Кітап оқитын ұлт" жобасының "Кітап оқитын педагог" санаты бойынша 18-наурыз күні мектепшілік онлайн тестілеу байқауы өткізілді.

Ұстаздарымыз бұл кезеңде тек білім беруші ұстаз ғана емес, сонымен қатар ойшыл, оқырман, шабыт беруші тұлға екенін көрсете білді.

<https://www.facebook.com/share/p/1HhaS12sa1/>



Шымкент қаласы білім басқармасының 06.03.2026ж №10-08-07/1779 және 12.03.2026ж №848 шығыс хаты негізінде Терешкова атындағы №31 жалпы орта білім беретін мектебінде Наурызнама 10-күндігі аясында 25 наурыз - "Балалар кітапханасы жобасы" барысында "Ертегілер еліне саяхат" челленджі ұйымдастырылды. Оқушыларға мектеп кітапханасындағы әртүрлі тақырыптағы ертегі кітаптар таныстырылып, сахналанды.

<https://www.facebook.com/share/p/1GKraT3vNt/>



Шымкент қаласы Терешкова атындағы N31 ЖОББМ.

"Кітап оқитын ұлт", "Кітаппен қанаттан" жобасы аясында "Кітаппен келген көктем" демалыста кітап оқу науқаны бастауыш сынып оқушылары арасында өз жалғасын табуда.

<https://www.facebook.com/share/p/1CZsPnNZVL/>



"Балалар кітапханасы" бағдарламасы, "Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында "Каникулда кітап оқимыз" тақырыбымен кітап оқу науқаны өткізілді. Бұл науқанға мектебіміздің 3-11 сынып оқушылары мен ата-аналары белсене қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/1CMCNNeXnZ/>

Шымкент қаласы Терешкова атындағы N31 ЖОББМ.

"Кітап оқитын ұлт" жобасының "Кітап оқитын мектеп" санаты бойынша 6-сәуір күні мектепшілік тестілеу өткізілді. Тестілеу нәтижесінің қорытындысы бойынша 6-10 сынып оқушылары арасынан 15 оқушы аудандық кезеңге жолдама алды.

<https://www.facebook.com/share/v/111593guz4e/>



Терешкова атындағы 31 жалпы орта білім беретін мектебінде Ұлы Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай "Абайды бірге оқимыз" жобасы аясында атқарылған іс - шара жұмыс жоспары бойынша "Ұлы дала аңыздары" тақырыбында 2-10 сыныптар арасында Абайдың өлеңдерін мәнерлеп оқу байқауы өтті.

<https://www.facebook.com/share/r/18LyT2wrjr/>



Пушкин қалалық кітапханасында Кітап оқитын ұлт" жобасы аясында, 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа аманат» атты патриоттық кешке кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен ба,9а оқушылары белсене қатысып, өлең, жырларын және өз өнерлерін көрсетіп жоғары деңгейлі алғыс хаттарымен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/1NkxSjxaoe/>



Әдістемелік жұмыс:

Мектеп кітапханасының міндеттерінің бірі – еліміздің нұрлы болашағы жан-жақты дамыған жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу мақсатында көптеген іс-шаралар жүргізіліп, әдістемелік бірлестіктермен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Кітапхана жыл бойы мұғалімдерге, сынып жетекшілерге көпшілік іс-шараларды, сынып сағаттарды, пән апталықтарды өткізуге көмектесті.

Мектеп кітапханасы оқушыларды тұрақты өзін-өзі білімге, жауапкершілікке тәрбиеледі, әдебиетті насихаттауға назар аударды. Оқушының кітап оқумен білім алу білімін дамытты және қолдады, кітапхананы пайдалану ережесімен таныстырды.

Библиографиялық шолулар өткізілді:

«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Балалар кітапханасы», «Кітап оқитын ұлт» бағдарламасы аясында «Кітапхана және адами құндылықтар негізінде кітап оқуға баулу» тақырыбында кітаптар әлеміне саяхат жасалынды. Мақсаты: оқушыларға кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру, кітап оқуға баулу, кітапты насихаттау. Адами құндылықтарды тану, білу, үйрену, құндылықтар негізінде оқыту жана заманның талабына сай тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, қоғам өміріне бейімдеу, салауатты өмір дағдыларын негіз жасауға бағыттау.

Көріп тыңдау кітаптарын ұсынылды, электронды кітаптар насихатталды:

Оқулық KZ сайтымен жұмыс, www.opig.kz сайтымен жұмыс, www.opig.kz

сілтемелерімен жұмыс, www.kazned.kz сайтымен жұмыс жүргізілді. Мұғалімдерге, оқушыларға электронды оқулықтармен әдебиеттердің тиімділігі түсіндіріліп, қалай жұмыс жасау керек екендігі үнемі айтылып отырылды.

Кітап оқуды насихаттау, кітап оқуға шақыру мақсатында онлайн-виртуалды көрмелер, онлайн шолулар жасалды, «Біз отбасымызбен кітап оқимыз», «Мен оқыған бір кітап» бейнероликтер түсіріліп, нәтижесі фейсбук, инстаграм желісіне жарияланды.

QR-кодталған кітаптармен жұмыс жасау түсіндіріліп, мектеп кітапханасында жоқ кітаптардың электронды нұсқасы ватсап арқылы ұсынылды.

№	2025-2026 оқу жылында орындалды	2026-2027 оқу жылына жоспарланды
1	Оқырмандар саны–583	Оқырмандар саны– 670
2	Келгендер саны–3496	Келетіндер саны–3843
3	Берілген кітап саны–4032	Берілетін кітап саны–4450
4	Оқылуы–6,2%	Оқылуы–7,3%
5	Кітап айналымы–0,3%	Кітап айналымы –0,7%
7	Кітаппен қамтылуы -2,5%	Кітаппен қамтылуы–3,1%

Жалпы қорытынды және ұсыныстар:

Келесі оқу жылында жоспарланған жұмыстар:

- Оқушылардың кітап оқу белсенділігін күшейту, балаларды кітап оқуға шақырудың жаңа формаларын табу.
- Кітап оқуды отбасынан бастау акциясын насихаттау.
- Қорды жаңа көркем және балалар әдебиетімен толықтыру.
- Жылына бір рет «Мектепке кітап сыйла» акциясын өткізу.
- Ақпараттың сапасын және қолжетімділігін арттыру, оқырмандарға қызмет көрсетудің сапасын арттыру жұмысын жалғастыру.
- Кітапхана қызметін жандандыру, цифрландыру.
- Кітапханаға сапалы интернет желісін тарту.
- Кітапхананың қорын ескірген әдебиеттен тазарту, жарамсыз күйге түскен басылымдарды есептен шығару.
- Оқушыларды 100% оқулықпен қамту.

Қаулы:

Мектеп кітапханасының 2025-2026 оқу жылындағы жылдық есебі жұмысы қанағаттанарлық деп табылсын.

Шешім:

1. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік аидында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету;
2. Оқушыларды әдеби кітаптарды оқуға насихаттау арқылы олардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру.
3. Жоғарғы сынып оқушыларын әдеби - классик жазушылардың шығармаларын оқуға тарту, оқыған кітабын жарнамалауға, насихаттауға дағдыландыру
4. «Кітап оқитын ұлт» жобасы «Балалар кітапханасы» бағдарламасы аясында жоспар бойынша жұмыс түрлері жалғасын тапсын.

Кітапхана меңгерушісі:

Жұмабек К.А.